

Кәсіподақ ұйымдарының 2022 жылғы ұжымдық-шарттық жұмысының қорытындысы туралы ақпарат

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ құрылымында **9016** бастауыш кәсіподақ ұйымы бар.

2023 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша Салалық кәсіподақтың кәсіподақ ұйымдары жасасқан ұжымдық шарттардың саны **8 640**. 2022 жылы **1602** ұжымдық шарт жасалған, **1509** ұжымдық шарттың мерзімі ұзартылған. Ұжымдық шарт жасалмаған бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны – **40**. Қазіргі уақытта ұжымдық шарттар жасау бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Мүшелік ұйымдардың ұжымдық-келісім жұмыстары туралы есебі шеңберінде ұсынылған ақпараттан, студенттік кәсіподақ ұйымдарында, шағын бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ұжымдық шарттар жасалмағаны байқалады.

Ұжымдық шарттар – **619 738** кәсіподақ мүшесіне қолданылады, олардың **567 817-сі** жұмыс жасайтындар, **31 362-сі** уақытша жұмыс жасамайтында (*ұзақ мерзімді әлеуметтік демалыста*).

Ұжымдық шарттардың мазмұнын талдау ұжымдық шарттардың бөлімдері ең маңызды мәселелердің кең ауқымын қамтитынын көрсетеді: еңбекақы төлеу, қызметкерлерді жұмыспен қамту, еңбек жағдайлары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру, қызметкерлер үшін әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер, өтемақы төлемдері, кәсіподақ қызметіне кепілдіктер.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеудің толық шешімін таппаған мәселелеріне мыналар жатады:

- өз міндеттемелерін орындамағаны, салалық келісімдердің, ұжымдық шарттардың жекелеген ережелерін сақтамағаны үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігінің төмен деңгейі;
- шектеулі бюджеттік қаржыландыру;
- бюджеттік ұйымдарды шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға қайта құру процестері;
- жұмыс берушілердің қарсылығы, ұжымдық шарттар жасасудан жалтару немесе келіссөздер процесін кешіктіру;
- ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуына тиісті бақылаудың болмауы;
- әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялардың тиімсіз қызметі;
- қызметкерлердің әлеуметтік пассивтілігі, олардың мүдделерін ұжымдық қорғауға ұмтылмауы, ұжымдық шарттың маңыздылығын бағаламау, білім мен тәжірибенің жетіспеушілігі.

Ұжымдық шарттың негізгі көрсеткіштерінің бірі ол белгілеген қызметкердің әлеуметтік пакетінің мөлшері болып табылады.

Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдардың есепті жылы ұжымдық шарт бойынша міндеттемелерін орындауға жұмсалған шығыстар сомасы **2 280 547 452** теңгені құрады. Келісімшарттарды орындауға жұмыс берушілердің айтарлықтай жоғары шығындары:

Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымы – **999 123 429** теңге, оның ішінде шығыстар:

- әдістемелік, циклдік және пәндік комиссияларды басқарғаны үшін педагогтарға қосымша ақы төлеу.

- архив қызметкерінің штат бірлігі қамтамасыз етілмеген жағдайда, оның ішінде қызметкерлерге, іс жүргізушілерге, кадр бөлімінің инспекторларына және басқа мамандарға мұрағатпен жұмыс істегені үшін қосымша ақы.

- лауазымдарды біріктіру (қызмет көрсету аймағын кеңейту) үшін қосымша ақы: білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, оның ішінде *кеңсе қызметкерлеріне, есепшілерге* еңбек шартында және лауазымдық нұсқаулықта көзделген негізгі жұмыстарымен қатар орындауға байланысты қызмет көрсету аймағын кеңейту, белгіленген жұмыс уақытында қызметкердің лауазымдық жалақысының кемінде 50 % қосымша жұмыс;

- бухгалтерия қызметкерлеріне лауазымдық жалақысының 30%-ын қосымша төлеу.

- кітапханашыларға лауазымдық жалақысының 35% мөлшерінде қосымша төлем.

- ғимарат тазалаушыларын сауықтыру жәрдемақысы

Шығыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы – **713 317 210** теңге:

- біліктілігі жоқ жұмысшыларды сауықтыру бойынша жәрдемақы;
- барлық қызметкерлерге экологиялық жәрдемақы мен экологиялық демалыстарды төлеу (*экологиялық куәліктің болуы немесе болмауы*);

- мектеп автобусының жүргізушілеріне механик жұмысы үшін жүргізушінің жалақысының 50% қосымша ақы;

- ауылдық жерде жұмыс істегені және мемлекеттік сатып алу бойынша жұмысты біріктіргені үшін бухгалтерлерге 25% қосымша ақы;

- магистр дәрежесі бар директорлар мен олардың орынбасарларына мұғалім ретінде сабақ жүргізгені үшін қосымша ақы;

- негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ ұйымының төрағасына 5 күн көлемінде қосымша ақы төленетін демалысы;

- мектептегі жөндеу жұмыстарына қатысқаны үшін біліктілігі жоқ жұмысшыларға демалысқа қосымша төленетін 5-6 күн.

Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы – **655 312 145** теңге

- 2018 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындарды шаруашылық жүргізу құқығындағы қазыналық

кәсіпорындарға қайта ұйымдастыру кезінде азаматтық қызметшілер үшін белгіленген кепілдіктерді сақтау (осы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу 12 қайта ұйымдастырылған колледждердің 1177 қызметкері үшін заңнамада көзделген еңбек кепілдіктерін сақтауға мүмкіндік берді).

- Экологиялық аймақта тұратын қызметкерлерге экологиялық жеңілдіктер мен экологиялық демалыстарға ақы төлеу (*экологиялық куәліктің болуы немесе болмауы*);

- жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысы 6 күнге дейін беріледі:

- негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ ұйымдарының төрағаларына;

- еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар;

- өндірістік кеңестердің мүшелері және т.б.

үш күнге дейін:

- медицина қызметкерлеріне;

- кітапханашыларға;

- аудандық, қалалық (мектептік) әдістемелік бірлестіктердің, техникалық және кәсіптік білім берудің әдістемелік бірлестіктерінің басшыларына;

- бас бухгалтерлер, бухгалтерлер.

- бір қызметкерге отын сатып алуға 6360 теңгеден 30630 теңгеге дейін әлеуметтік қолдау.

2022 жылы облыстық мәслихаттың шешімімен облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының өтініші бойынша білім беру ұйымдарының кітапханашылары аталған әлеуметтік қолдауды алушылардың тізіміне енгізілді.

Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы 267 413 826 теңге.

Қосымша төлемдермен қатар көтермелеуге, қиын өмірлік жағдайларда материалдық көмек көрсету, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, санитарлық, өрт-техникалық оқытуға, жұмыс берушінің қаражаты есебінен жыл сайынғы міндетті медициналық тексеруден өтуге, қызметкерлердің жекелеген санаттары (бухгалтерлер, экономистер, кітапханашылар) үшін қосымша ақылы еңбек демалысына, жақын туысы қайтыс болғанда қосымша төлемдерге қаражат бөлінді.

- Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы 152 602 910 теңге:

- медициналық тексеруден өтуге – 62258750 теңге;

- санаторийлерде (ересектер мен балалар) сауықтыру үшін – 69699600 теңге;

- коммуналдық төлемдерді төлеуге және отын сатып алуға әлеуметтік қолдау көрсету (6 ауданда) – 20 644 560 теңге.

Астана, Алматы қалаларының, Маңғыстау облысының кәсіподақ ұйымдарының ұжымдық шарттарында жыл сайын еңбекақы қорының кемінде 1 % мөлшерінде ұжымдық шарт талаптарын орындау көзделген.

Астана қаласының кәсіподақ ұйымының мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындарды шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қайта құру кезінде азаматтық қызметшілер үшін белгіленген кепілдіктерді сақтау тәжірибесін атап өткен жөн.

Салалық кәсіподақ қызметінің басым бағыттарының бірі әлеуметтік әріптестікті жаңғырту жұмыстары болып табылады. Осы бағытта кәсіподақтың басқару органдары еңбек қатынастары тараптарының мүдделерін үйлестірудің тиімді нысандарын іздестіруде.

Оқу-ағарту саласындағы ұйымдарға таралатын 2021-2023 жылдарға арналған қызметкерлердің еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтылуын және әлеуметтік кепілдіктерін белгілеу бойынша әлеуметтік әріптестік туралы қолданыстағы Салалық келісіммен қатар жаңадан құрылған ведомство – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен Салалық келісімге қол қойылды.

Салалық деңгейде 2 Келісім, аймақтық салалық келісім - **124**, оның **17**-і облыстық деңгейде, **23**-і қалалық деңгейде, **84**-і аудандық деңгейде жасалған.

Астана қаласы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарының тиімді аймақтық салалық келісімдерін атап өтпеу мүмкін емес. Осы өңірлердің кәсіподақ ұйымдары техникалық персонал жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шыққан кезде лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысын төлеу және осы санаттағы қызметкерлердің негізгі еңбек демалысының ұзақтығын 30 күнге дейін ұлғайту туралы қосымша келісімдерге қол жеткізді.

Тараз қаласында ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымының барлық педагогтарына магистратураға қосымша ақы төлеуді сақтау мүмкін болды. Ұжымдық шарттарға өзгерген немесе жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және үлгілік оқу жоспарлары қабылданған жағдайда қызметкерлердің лауазымдар мен жұмыс орындарына ауысуы кезіндегі қолданыстағы кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз ететін ереже енгізілді. Атап айтқанда, басқа ұйымдарға немесе жаңадан ашылған білім беру ұйымдарына ауысқан кезде қолданыстағы біліктілік санаттарын сақтай отырып, *конкурстық тағайындау рәсімдерінсіз қабылдауды және ауыстыруды* жүзеге асыру.

Айта кету керек, 2022 жылы республикалық үздік ұжымдық шарт байқау-сайысы белсенді түрде өтті. «2022 жылдың үздік ұжымдық шарты» байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері:

- Қостанай облысының физика-математика лицейі, Қарағанды облысының № 3 гимназиясы - III орын;
- Ақмола облысы, Көкшетау қаласының «№ 2 мектеп-лицейі» КММ - II орын;
- Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының «№ 25 «Ромашка» балабаушасы» МКК – I орын;

- «Жамбыл облысы білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ Талас аудандық комитеті» филиалы – Бас жүлде.

Жалпы, 2022 жылы ұжымдық шарт жұмысын ұйымдастыру бөлігінде мүшелік ұйымдардың басқару органдарының алдына қойылған міндеттер орындалды. Ұйымдар деңгейінде қызметкерлерді тиімді қорғау, олардың еңбек жағдайларын жақсарту, жұмыс орындарындағы қауіпсіздік қамтамасыз етілді.

Кәсіподақ органдарының іс-әрекетінің арқасында жұмыс берушінің бастауыш кәсіподақ ұйымдарының ісіне араласуына байланысты көптеген анықталған бұзушылықтарды жойылды.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және
жоғары білім қызметкерлерінің салалық
кәсіподағының Орталық комитетінің
Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау бөлімі**